

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

3. Обзор банковского сектора Республики Казахстан. Аналитическая служба РФЦА. Алматы, 2014
4. Жаналинов Б.Н. Банковский сектор Республики Казахстан на современном этапе. Электронный ресурс. Режим доступа: http://ksu.edu.kz/files/folder/folder/podp_zhanalinov_2-2015.pdf
5. Текущее состояние банковского сектора Республики Казахстан. По данным КФН при Национальном банке РК. –Алматы, 2015
6. Ренкинг банков Казахстана 2015. Электронный ресурс. Режим доступа: http://prodengi.kz/lenta/renking_bankov_kazahstana_2015/#hcq=j4ORyHr
7. ТОП-10 банков Казахстана консолидирует 88% рынка розничных вкладов, 23 банка в секторе имеют долю рынка менее 1%. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://bankir.ru/novosti/20141007/top-10-bankov-kazahstana-konsolidiruet-88-rynka-roznichnykh-vkladov-23-banka-v-sektore-imeyut-dolyu-rynka-menee-1-10088858/>

ЖАҒАНДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РӨЛІ

Молдакенова Е.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Erke_totai_77@mail.ru

Президенттің халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында ауылшаруашылығына ерекше мән беріледі. Ең бірінші кезекте салалардың жаңғыртылуына баса назар аударылады. Бұл ауылшаруашылығында өнімге деген сұраныстың артуынан болып отыр.

Нарықтық экономика реформаларын дамытуға арналған еліміздің Стратегиялық жоспары жақсы нәтижелер көрсете бастады. Алайда, әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстанды да сырт айналып өткен жоқ. Жаһандану жағдайында әлемдегі қаржы дағдарысының ұлттық экономикаға ықпалы күрт өсті. Сондықтан сыртқы тәуелділікті және қазіргі жағдайдағы кездесетін қауіпті мәселелерге қарсы тұра алатын шаралар ұйымдастыру қажеттігі туындады [1].

Осыған орай экономиканың әр түрлі салаларын жете зерттеумен қатар, дамыту да басты мәселеге айналды. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында Агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту маңызды рөл атқаруы тиіс. Бүгінгі жаһандану жағдайында орын алып отырған ғылым мен техника жетістіктерін ендіру арқылы агроөнеркәсіп өндірісін барынша жаңғыртуға бағытталған инновациялық процестерді дамытуға болады.

Агроөнеркәсіптік кешен – бұл халық шаруашылығының ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен, қайта өндірумен және тұтынушыға жеткізумен айналысатын салалар жиынтығы. Агроөнеркәсіптік кешен құрылымы үш негізгі салаларды біріктіреді. Бірінші салаға трактор және ауылшаруашылығы машиналарын жасау, минералдық тыңайтқыштар және өсімдік пен малды қорғаудың химиялық құралдары, ауылдық құрылыс, өндірістік мал азығын өндіру және микробиология, сондай-ақ суландыру құрылысы сияқты қорды қажет ететін салалар кешені кіреді. Екінші саланы ауылшаруашылық өндірісінің салалары – егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылық мал азығын өндіру секілді салалар кешені құрайды. Үшінші сала ауылшаруашылығы шикізаттарын дайындау, тасымалдау, сақтау және өңдеу мен өткізуді қамтамасыз ететін салалар мен өндірістің жиынтығы болып табылады.

Қазіргі таңда ауылшаруашылығы техникасының қамтамасыздығы АӨК-ні тұрақты дамыту мен оның бәсеке қабілеттілігін арттыру концепциясын іске асырудың негізгі мәселесі. Сондықтан ауылшаруашылығының машина құрау және қарқынды машина технологияларын қолдану салаларында ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстардың деңгейінен АӨК-нің басқа мәселелері шешілер еді. Ол үшін жергілікті жермен айналысу, мал

өсіру жағдайларына сәйкес келетін техниканы ойластыру, аграрлық өндірісте энергия көздерін пайдаланудың интеграцияланған технологияларын пайдалану қажет [2].

АӨК инфрақұрылымын дамыту қазіргі заманғы нано-, биотехнологиялардың жетістіктері негізінде жалпы және арнайы пайдалануға арналған экологиялық қауіпсіз, бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіру кезінде ауылшаруашылығы шикізатын сақтау және оларды қайта өндеудің технологиялық жүйесін құруға байланысты.

АӨК экономикалық дамыту мәселелерін шешу мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру деңгейіне байланысты, ол бәсекеге қабілетті ауылшаруашылығын арттырудың және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды және басым бағыттарын шоғырландыру негізінде стратегиялық жоспарлау принциптеріне байланысты жүзеге асырылуы тиіс.

Агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық дамуына ықпал ететін шарттар мен факторларды талдау оларды кері ықпал етуші (инновациялық дамуды тежеуші) және оң ықпал етуші (инновациялық процестердің қарқындылығын күшейтуші) деп екіге бөлуге мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық дамуына оң ықпалын тигізетін шарттар мен факторларға шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілін, табиғи ресурстардың көптігін, ғылым мен білім әлеуетінің жеткіліктілігін, ішкі азық-түлік нарығының ауқымдылығын, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, табиғи азық-түлік өнімдер өндірісінің мүмкіндігін жатқызуға болады.

Ал, кері ықпал ететін шарттар мен факторлар ретінде отандық ауыл шаруашылығы ғылымындағы ұйымдық құрылымның күрделілігін; ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет түрлерінің әркелкілігін; ғылыми зерттеулердегі өңірлік, салалық және салааралық сипаттағы мәселелердің үлес салмағының басымдығын; ұдайы өндіріске қатысты кейбір мәселелерді зерттеу мерзімінің тым ұзақтығын қарастыруға болады. Аталмыш факторлар ауыл шаруашылығы ғылымы мен аграрлық ғылыми зерттеулерді басқаруда елеулі қиыншылықтар туғызады.

Нарықтық экономикадағы инновациялардың басым көпшілігі кәсіпкерлік құрылымдар тарапынан өндірістік және коммерциялық міндеттерді шешудің құралы ретінде, әрі олардың тұрақты жұмыс істеуін, экономикалық өсімді және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде жүзеге асырылады және нарыққа, нақты бір тұтынушы тобына немесе қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қажетті шарттардың бірі – ғылыми-техникалық прогресс. Аталмыш процесс ғылым мен техника жетіктістерін игеру арқылы кеңейтілген ұдайы өндірісті жүргізуге мүмкіндік беретін инвестициялық-инновациялық процестерге негізделеді.

Ауыл шаруашылығындағы инновациялық әлеуетті қалыптастырудың басым бағыттарының бірі, әрі маңызды міндеті ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жеткілікті көлемде қаржыландыру болып табылады. Соңғы жылдары мұндай жұмыстар бірнеше көздерден, атап айтқанда, республикалық бюджеттен (шамамен 40%); жергілікті өңірлік қаржылардан (орташа есеппен 27%); ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ғылыми мекемелердің меншікті қаражатынан (32,8%) қаржыландырылды.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы ғылымына жұмсалатын мемлекеттік шығындар жылына 4-6% артып отырса, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға кететін шығын көлемі жалпы ұлттық өнімнің 2%-дан астамын құрайды. Ал, Қазақстанда болса, шығын көлемі біршама жылдан бері жалпы ұлттық өнімнің 0,25%-ынан асқан емес.

Мемлекет, бірінші кезекте, материалдық өндіріске, еңбекке және ақылға негізделген ұдайы өндіріс тетігін қолдауға; ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, аграрлық бағыттағы ғалымдардың ғылыми нәтижелерін уақытылы патенттеу жұмыстарының ұйымдастырылуын күшейтуге; инновациялық жетістіктердің өндіріске ендірілуін ынталандыруға баса мән беру керек. Неге десек, жаһандану кезеңінде бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығына

қомақты қаржының құйылуын талап ететін, қымбат, жаңа инновациялық технологияларды шұғыл түрде ендіру қажет. Осы орайда, ауыл шаруашылығындағы кадр әлеуетінің қазіргі ахуалы инновацияларды іс-жүзінде ендіруге елеулі кедергі келтіретіндіктен, инвестициялардың тиімділігін барынша азайтып, «Агроөнеркәсіп кешенін дамыту» мемлекеттік жобасының жүзеге асуын тежейтінін айқын ұғынған жөн.

Экономикасы дамыған елдердің инновациялық нарықтары негізінде әлемдік инновациялар нарығы құрылады. Қазақстанда қалыптасып келе жатқан инновациялар нарығының түбегейлі нарықтық қайта құруларды жүзеге асыру кезеңіндегі агроөнеркәсіп кешені экономикасының дағдарысқа ұшырауына байланысты төмендегідей бірқатар өзіндік ерекшеліктері байқалады:

- ғылыми-техникалық салада өткен жылдардан ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың жеткілікті қоры қалғанымен, оларды іске асыру және ауыл шаруашылығы саласында жаңа зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу үшін тапсырыс беруші тұтынушылардың қаржысы жетпейді;

- инновация нарығы өнімнің өзінен емес, инновациялық қызметті жүргізуге қабілетті ұйымдардың, ұжымдардың, жекелеген мамандардың жиынтығынан тұрады;

- бүгінгі күні инновациялық ұйымдар көбіне венчурлық капиталмен қамтамасыз ететін ұйымдардың қаражаты есебінен өз беттерінше жұмыс істей алмайды.

Мемлекетімізде инновациялық және техникалық прогресстің тежелуі немесе баяу қарқынмен дамуы әлемдік нарықтың шикізаттың көзі болып қала беруіне соқтықтырады. Ал мұндай болашақ технологиясы жетік дамыған мемлекеттерге тәуелді еткізіп, прогресстің соңғы сатыларында жүруге итермелейді. Отандық өндірушілер мен тұтынушылардың қандай да бір тауар түрі бойынша сыртқы нарыққа тәуелділігі түбінде мемлекеттің халық аралық бәсекедегі орнын төмендетіп, оларды сатып алудан түскен қосымша құн мен валюталық түсімдер шет елдік бәсекелестердің өндірісі мен технологияларын жаңартуға жұмсалады.

Өндірістің индустриалды-инновациялық тұрғыда жедел дамуын талап етіп отырған шаруашылықтың қазіргі жағдайында келесі факторларды ескеру қажет:

- институционалды тұрғыда тиімді қызмет атқаруға қабілетті жеке меншік секторын қалыптастыру;

- өндірістік тұрғыда импорттың орнын алмастыру мен инновациялық саясаттарды алға қоя отырып, ішкі нарықтағы өндірушілердің өнімдері мен сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- ресурстық тұрғыда инвестициялық жедел амортизация саясаттарын қалыптастыру мен еңбек ресурстарының тиімділігін көтеру;

- ұйымдастыру – басқару шаралары бойынша мемлекеттік стратегиялар мен өндіріс анклавтары арасындағы мүдделерді үйлестіру.

Қорыта келегенде, жалпы экономикалық тұрғыда алғанда еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына ену үшін жоғарғы технологиялы өнімдер нарығында бәсекеге түсе алатын жағдайға жетуіміз қажет. Демек, тиімді ұлттық инновациялық жүйе бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы құру мен қалыптастырудың басты механизмі болып табылатыны белгілі. Сондықтан да, дұрыс таңдалған инновациялық саясат еліміздің индустриалды-инновациялық дамуының жетекші тізгіні ретінде болуы қажет. Әрі ол отандық ғылыми сыйымды өндірісті дамыту мен бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканың негізгі құралы бола алады. Біздің ойымызша, жаһандану жағдайында инновацияның дамуы АӨК саласына оң әсерін тигізеді. Бұл жалпы алғанда еліміздің экономикасының өсуіне де ықпал етеді және де КО арқылы АӨК дайын өнімдерін шетелдерге экспорттауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2. Экономика республикалық апталық газеті. №49 (221), 2011.

3. Рахимжанова А. Состояние и проблемы развития АПК Казахстана // Аналитик. – 2011. - №3. – С.79-82.

4. Тұраров Д.Р. Агроөнеркәсіп кешенінің дамытудағы шаруашылық инфрақұрылымының рөлі // ҚазЭУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2010. - №2. – 265-269 бб.

5. Бейсенбаев Ж.Т. Қазақстанда агробизнесінің қалыптасуы мен дамуы // экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 29б.

6. Рахимжанова А. Состояние и проблемы развития АПК Казахстана // Аналитик. – 2011. - №3. – С.79-82.

ҰЙЫМДАҒЫ КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Смаилова Д.О., Шайханова Г.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: didara_sm@mail.ru, g.shaikhanova@mail.ru

Экономикалық теорияның классиктері капиталдың алғашқы қорлануын, капитализмнің қалыптасуының бастапқы кезеңі деп тұжырымдады.

Капиталдың алғашқы қорлануы өзіндік еңбекке негізделген индивидуалдық жеке меншікті жою процесі, жұмысшыларды өз еңбегінің шарттарына меншікті шектеу процесі. Ол бір жақтан, тікелей өндірушілердің тек қана жұмыскерге – идеалдық жұмыскерге, екіншіден, қоғамдық құрал-жабдықтар мен өмір сүруге қажет құралдардың капиталға алмасуы болып табылады.

Бұл жағдай Еуропада XVI-XVIII ғғ. орын алды. Сол замандағы кәсіпкерліктің барлық нысанының жандана дамуы, белгілі экономикалық және әлеуметтік шарттарды, жағдайларды талап етті. Міне, капиталдың алғашқы қорлануы кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық базасының қалыптасу шарттарын өмірге әкелді. Бұл пайда бола бастаған буржуазия табының барлық кәсіпкерлік қабілеттеріне жол ашты.

Біріншіден, еңбек «бостандық алып», жалдама жұмыскерлер табы қалыптаса бастады. Ал еңбек шарттары мен өмір сүруге қажет игіліктерден шектелген, тек өздерінің жұмыс күшін сатып қана күнін көретін адамдардың көбеюі - бұл капиталистік өндірістің дамуының өте маңызды шарты болады.

Капиталдың алғашқы қорлануының экономикалық негізін шаруалар мен қолөнершілердің жаппай экспроприациялануы құрайды. Тауарлық-ақша қатынастарының дамуы, ұсақ өндірушілердің іріктеліп жіктеле беруін күшейте түсті, ұсақ қолөнершілер мен шаруалар ыдырай бастады. XVI-XVIII ғғ. батыс Еуропада мемлекет бірнеше заң қабылдау арқылы жұмысшы табының қалыптасуына елеулі ықпал етті. Бұл заңдар тарихқа «экспроприацияланғандарға қарсы қанды заңдар» атымен кірді. Өйткені бұл заңдар экспроприацияланған өндірушілерді жалданып жұмыс істеуге зорлықпен көндіруді көздеді және оларды капиталистік еңбек тәртібіне бағындырды.

Екіншіден, елдің ішкі жағында экономикалық бостандыққа ие болған жерлер пайда болды және шетелдерден территорияларды басып алып, оларды отарға айналдыру кең өріс алды. Бұған Англияның тарихы классикалық мысал бола алады - бұнда лендлордтар шаруалардың жерін тартып алып, «қоршап тастау» әдісін жүргізді, осымен қатар отарлардан жерді тікелей тартып алу кең өріс алды.

Үшіншіден, капиталдың барлық нысандары - сауда, өсімқорлық, өнеркәсіптік - екпінді дамыды. Осымен бірге ақша түрінде, өндірістік құрал-жабдықтар түрінде қорлану жүріп отырды.

Өнеркәсіптік буржуазияның қалыптасуының алғашқы қадамдары, мүліктік жіктелумен байланысты, қолөнершілер ортасында дами бастаған. Бөлініп, кәсіпкер бейнесін алған, аса бай цех шеберлері және саудагерлер - сатып алушылар, ыдыраған ұсақ өндірушілердің жалдама еңбегін пайдалануды кеңейтті. Бірақ бүкіл әлемдік нарықтың